# ЖЕТІСУ шұғыласы

№46 (8986), жұма, 24 қараша 2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




# ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ: АУЫЛДЫ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ



***ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында Үкімет алдына еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша бірқатар жаңа міндеттер белгіледі.***

***«Ауыл шаруашылығы экономиканың жаңа қозғаушы күшіне айналады. Алдағы жылдарда ауыл-аймақты өркендетуге басымдық береміз. Біз ауылдық жерді жұмыспен жаппай қамту үшін жағдай жасаймыз, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдаймыз. Тұрғындарға жер қолжетімді болады. Ол үшін ірі жер иелерінен пайдаланылмайтын жер телімдерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жандандырамыз»***, — делінген сайлауалды бағдарламада.

Мемлекет басшысы атап өткендей, су үнемдейтін тиімді технология енгізіп, мелиорация және суару жүйесін қалпына келтіру керек. Сонымен қатар мемлекет ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру бойынша кең ауқымды жобаны іске асыруда.

***«Кооперативтер егістіктен дүкен сөресіне дейін өнімді тікелей жеткізуші болады. Тиімсіз делдалдардан арыламыз»,*** — делінген құжатта.

- Жеңілдетілген лизинг бағдарламасы аясында шаруалар 40 млрд теңгеге 1053 комбайн мен трактор сатып алды.
- 2,8 мың бірлік мал азығын жинау техникасын сатып алуға 20 млрд теңге бөлінді.
- 8 млн гектар пайдаланылмай жатқан жер мемлекетке қайтарылды.
- Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында республикадағы барлық жеке қосалқы шаруашылықтың жартысын кооперативтік кәсіпкерлікке тарту, шағын несие беру есебінен 350 мыңнан астам жұмыс орнын құру және өткізу нарығына шығуды қамтамасыз ету көзделіп отыр. 1 млн-нан астам ауыл тұрғынын қамтитын жобаны жүзеге асыруға барлығы 1 трлн теңге қарастырылған.

2023 жылы республикалық бюджеттен 17 мың шағын несие беру үшін 100 млрд теңге бөлінді. Бұл ауылдық жерлерде 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бүгінде Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында қаражат толығымен игерілді. Басқа өңірлерде жұмыс жалғасуда.

- Елді сумен қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелерді шешуді көздейтін жаңа Су кодексінің жобасы әзірленді. Жоба сумен жабдықтау, су бұру, суару мәселелері, су шаруашылығы нысандарының қауіпсіздігі сияқты көптеген бағыттарды қамтиды.
- Елдің су шаруашылығы жүйесін жаңғырту жұмыстары жалғасын тауып келеді. Мәселен, 2025 жылға дейін Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Ақмола және Батыс Қазақстан облыстарында сыйымдылығы 1 700 млн м3 болатын жаңа 9 су қоймасын салу жоспарланып отыр. Оны ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте пайдалану жоспарланған.

Екінші кезеңде Ақтөбе, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында 705 млн м3 астам суға арналған 11 су қоймасын салу қарастырылған.

Сонымен қатар республикадағы суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданын 1,8 млн гектардан 2,5 млн гектарға дейін ұлғайту, қолданыстағы 15 су қоймасы мен 3,5 мың шақырым суару желілерін күрделі жөндеу, сондай-ақ 212 каналдың суды есепке алу жүйесін цифрландыру жоспарланып отыр.

**primeminister.kz**




# ҮКІМЕТ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

*ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Сенат отырысынан кейінгі БАҚ өкілдеріне арналған брифинг барысында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейту шаралары туралы айтты.*

*Үкімет басшысы атап өткендей, 2009 жылы елімізде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң қабылданды. Қазақстан ТМД-да осындай заң қабылданған алғашқы ел болды. Кейінгі жылдары заңнамаға жауапкершілікті күшейту жағына қарай бірнеше рет өзгерістер енгізілді.*

*«Биыл соңғы өзгерістер қабылданды. Атап айтқанда, қамауға алу мерзімі 5 тәуліктен 15 тәулікке дейін, ал заң бұзушылық қайталанған жағдайда 25 тәулікке дейін ұзартылды. Сонымен қатар қайтадан татуласу мүмкіндігі алынып тасталды және тұрмыстық жанжал барысында денсаулыққа ауыр немесе орташа зиян келтірілсе, ол адам 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылады», — деді Әлихан Смайылов.*

*Сонымен бірге ол бұрын қабылданған нормалар өз нәтижесін беріп жатқанын айтты. Соңғы 4 айда жауапқа тартылған отбасының шырқын бұзушылардың саны өсті. Егер осы жылдың II тоқсанында 7 мың адам жауапкершілікке тартылса, III тоқсанда олардың саны 27 мың адамды құрады.*

*«Заңнамадағы өзгерістерге сәйкес, енді жәбірленуші тараптың міндетті мәлімдемесі талап етілмейді. Куәгерлердің айғақтары немесе бейнекамералардан алынған жазбалар жеткілікті. Көбінесе жәбірленуші тарап арыз жазбайды, не оны қайтарып алады. Енді бұл жағдай түбегейлі өзгерді. Біз құқық қорғау органдарының статистикасынан оң динамика көріп отырмыз», — деді Премьер-Министр.*

*Әлихан Смайыловтың айтуынша, аталған бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Қазан айының ортасында Үкіметке әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заң жобасы ұсынылды. тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтуге бағытталған түзетулердің саны 90-нан асып түседі. Олардың басым бөлігі қолдау тауып, жақын арада заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілмек.*

*«Өз басым әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсымын. Мен де қыз тәрбиелеп отырмын, олардың елімізде өздерін қауіпсіз сезінгенін қалаймын», — деді Премьер-Министр.*

**primeminister.kz**

# ҮКІМЕТТЕ АЗАМАТТАРДЫ МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ТАРТУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



*ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңесте азаматтарды МӘМС жүйесіне тарту мәселелері талқыланды. Оған орталық және аймақтық мемлекеттік органдардың басшылары, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өкілдері қатысты.*

*Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне 3,3 млн қазақстандық тартылады. Азаматтардың 15 санаты, оның ішінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар үшін тиісті жарналар мемлекет есебінен аударылады. Жұмысты үйлестіру мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі жанында жобалық кеңсе құрылды, аймақтарда штабтар құрылып, шаралардың бірыңғай алгоритмі жасалды.*

*Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы Әбілқайыр Сқақовтың сөзінше, жүйемен қамтылмағандар жөнінде мәліметтер өңірлерге жолданды.*

*Алайда кейбір аймақтар әлі де шараларды жүзеге асыруға кіріспеген. 8 өңірде аудандық штабтар құрылмаған, халықпен жұмыс басталмады. Вице-премьер аталған бағыттағы жұмысты жеделдетуді тапсырды.*

*«Тапсырма барлық аймақтарға бірдей берілді. Жұмысты ұйымдастыру үшін облыстарға бір апта мерзім беріледі. МӘМС жүйесінен тыс қалып қойған азаматтардың арасында әлеуметтік жағынан аз қамтылған жандар да болуы мүмкін. Медициналық қызметке, профилактикалық скринингтерге қолжетімділікті арттыру үшін әрбірінің мәртебесін анықтауымыз керек. Бұл азаматтарымыздың денсаулығына қатысты маңызды мәселе», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.*

**primeminister.kz**

# АДАЛ БИЗНЕСКЕ АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ – ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ
## ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕЛІНГЕН АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУ ТУРАЛЫ



***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ҚР Парламенті Сенатының отырысынан кейін өткен брифинг барысында заңсыз иемделінген және елден шығарылған активтерді қайтару жөніндегі жұмыс туралы айтып берді.***

Премьер-Министр активтерді қайтару жөніндегі жұмыс қабылданған заңға сәйкес жүріп жатқанын және ол Мемлекет басшысының саяси және экономикалық реформаларының қисынды жалғасы екенін атап өтті. Негізгі міндет – әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, активтерді қайтару және оларды республика экономикасына жұмыс істеуге бағдарлау.

«Екі жолы бар – ерікті және мәжбүрлі түрде, олар сот шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Заңның күші жүретін адамдар тобы анықталған. Бұл – әкімшілік ресурстарды пайдаланып, активтерді заңсыз иемденген адамдар. Адал бизнеске алаңдауға негіз жоқ», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, қайтарылған қаражат әлеуметтік саладағы маңызды жобаларды, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық және өндірістік жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

«Бүгінгі таңда шамамен 1 трлн теңгенің активтері қайтарылды. Оның ішінде шамамен $600 млрд-ы шетелден қайтарылып отыр. Бұл жұмыс жалғасуда», — деді Премьер-Министр.

**primeminister.kz**

# ДӘСТҮРЛІ КӨКПАР – ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ



*Көкпар үлкенді-кішілі той-мерекенің барлығында өткізіледі. Тек қуанышты сәттерге байланысты өткізілетін ғұрыптық ойын болғандықтан, ас беру сияқты ұлы жиын кезінде көкпар тартылмайды. Қазақы ортада көкпар – ойынның қызығы, тойдың тұздығы, жігіттің сыны, елдің намысы болып саналған.*

*Көкпар – аттың қалай баптальп үйретілгенін, жүйріктігін де сынайтын спорт. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Жаппай тартыста әркім Көкпарды өзі иелік етуге тырысады. Дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі. Мұны кейде «марта тарту» деп те атайды.*

*Осыған байланысты, 2023 жылдың 11-ші қараша күні Қарабұлақ ауылдық округінде Ескелді ауданы Қарабұлақ және Ешкі-өлмес ауыл азаматтары атынан ұлттық спортты дамыту мақсатында бата көкпар жарысы өткізілді. Жарысқа 150-ден аса адам қатысып, нәтижесінде Беташар салымымен Өгіз өлді салымына қол жеткізген-Алишер Бостанбеков болса, үздік шабандоз атанған-Шыңғыс Жақсымбетов.*

*Жеңімпаздармен жүлдегерлерге Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларын өткізу орталығының кубок, грамоталарымен марапатталды.*

**Г.ОМАРОВА.**
**Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының жетекшісі**

# ИСПОЛНЕНИЕ ПРЕДВЫБОРНОЙ ПРОГРАММЫ ПРЕЗИДЕНТА РК: ИНВЕСТИЦИИ И ЭКОНОМИКА

***В своей предвыборной программе «Справедливый Казахстан – для всех и для каждого. Сейчас и навсегда» Президент РК Касым-Жомарт Токаев обозначил переход к новой экономической модели развития республики, где будет исключена недобросовестная деятельность монополистов.***

«Экономика будет демонополизирована, а государство заметно сократит свое присутствие в бизнесе. Снизится бюрократическое давление на честный бизнес. Все наши усилия будут направлены на стимулирование и защиту предпринимательства. Активизируем работу по возврату в нашу страну незаконно полученных и выведенных активов. Они будут работать на благо всего народа», — говорится в программе Главы государства.

Таким образом, предвыборная программа Президента нацелена на установление честных и четких правил в экономике. В частности, государство будет проводить сбалансированную и прозрачную налоговую, бюджетную, денежно-кредитную и тарифную политику, стимулировать внутреннее производство и несырьевой экспорт и т.д.

О работе в данных направлениях и по развитию экономики Казахстана в целом, проведенной за один год, читайте в очередном материале Primeminister.kz.

● За 2022-2023 годы привлечено $41,3 млрд прямых иностранных инвестиций.

● Проведен анализ потребности отраслей промышленности в базовых материалах, необходимых для производства продукции среднего и высокого переделов.

● Разработаны поправки в Закон РК «О промышленной политике», направленные на введение обязательств по поставкам сырья между отечественными производителями и субъектами промышленно-инновационной деятельности. Это позволит обеспечить полноценную загрузку предприятий обрабатывающей промышленности сырьем по доступным ценам.

● Внедрена Национальная система прослеживаемости, представляющая собой целый комплекс, обеспечивающий прозрачность реализации товаров от производителя до конечного потребителя.

● Продолжается системная работа по демонополизации экономики. По результатам работы Комиссии по демонополизации в республиканскую собственность приняты:

•пакеты акций и доли участия в 14 крупных акционерных обществах и ТОО;

•7 зданий, 162 железнодорожных путей и сооружений;

•автомобили, денежные средства и прочее имущество.

● Принят Закон «О возврате государству незаконно приобретенных активов», ставший логическим продолжением экономических и политических реформ Президента РК Касым-Жомарта Токаева. Его нормы будут применяться в отношении субъектов олигополии, которые сами имели административно-властные ресурсы, или могли пользоваться такой поддержкой. В то же время интересы добросовестных инвесторов будут полностью защищены.

Создана Комиссия по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов под председательством Премьер-Министра РК. В ее состав вошли общественные деятели с активной гражданской позицией, депутаты Парламента и члены Правительства.

На сегодняшний день государству возвращено активов на сумму порядка 1 трлн тенге. Из них около $600 млн — активы, возвращенные из других юрисдикций. Например, из ОАЭ возвращено около $15 млн, из Австрии — $82 млн, из Лихтенштейна — $260 млн, из Гонконга — $2 млн.

Большое внимание уделяется пересмотру фискальной политики. Так, разрабатывается проект нового Налогового кодекса. В рабочую группу поступило около 1 тыс. предложений от экспертов, экономистов и представителей бизнес-сообщества.

Наряду с этим, прорабатываются вопросы введения дополнительного акциза на предметы «роскоши». О необходимости рассмотреть такую возможность Глава государства заявил в своем Послании народу Казахстана.

● Долю теневой экономики к 2025 году необходимо снизить до 15% к ВВП, доведя ее до уровня стран ОЭСР. В 2022 году показатель скрытой от государства экономической деятельности в стране составил порядка 18,7% к ВВП (при плане 19,9%). Для выполнения целей, поставленных в Предвыборной программе Президента, был актуализирован Комплексный план мероприятий по противодействию теневой экономике на 2023-2025 гг.

Проводится работа по совершенствованию налогового и таможенного администрирования. Создается благоприятная бизнес-среда для вывода предпринимателей из теневого сектора.

● Принят Закон «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан РК». В рамках него для должников предусмотрены процедуры внесудебного банкротства, восстановления платежеспособности и судебного банкротства.

Внесудебное банкротство можно применить по долгам перед банками, МФО и коллекторскими агентствами при следующих условиях: долг не превышает 1,6 тыс. МРП (5 520 тыс. тенге в 2023 году); долг не погашается в течение 12 месяцев; отсутствует имущество; проведена процедура урегулирования с банком.

Процедуру судебного банкротства можно применить по долгам свыше 1,6 тыс. МРП и по всем видам долгов перед кредиторами.

Процедура восстановления платежеспособности предусматривает возможность получения в суде рассрочки на оплату долгов до 5 лет. План восстановления разрабатывается совместно с финансовым управляющим и утверждается в суде. Преимуществом данной процедуры является то, что после нее человек не обретает статус «банкрот», поэтому на него не распространяются соответствующие последствия (нельзя брать кредиты в банках и МФО в течение 5 лет, можно пройти повторное банкротство только через 7 лет, финансовое состояние проверяется 3 года после банкротства).

На сегодня признаны банкротом 7,1 тыс. граждан с суммой задолженности более 11,3 млрд тенге.

● Начата тарифная реформа, основанная на принципах прозрачности, подотчетности и гласности всего процесса тарифообразования. Каждый этап регулирования сферы естественных монополий оцифрован в базе «Монополист». В электронный формат переведены и закупки предприятий.

Целевое использование средств казахстанских потребителей контролируется с привлечением общественности и технических экспертов. Если права потребителей были нарушены, для них вводятся временные компенсационные тарифы, а субъекты естественных монополий привлекаются к административной ответственности.

**primeminister.kz**

# ПОЛИТИЧЕСКИЙ КУРС КАЗАХСТАНА

***С момента избрания Глава государства последовательно осуществляет поэтапную политическую модернизацию Казахстана на пути построения открытого и справедливого общества.***

Касым-Жомарт Токаев официально вступил в должность Президента 12 июня 2019 года. С момента избрания Глава государства реализует масштабную программу по политической модернизации страны. Главная цель этого процесса - построение справедливого, конкурентоспособного и транспарентного государства.

Первое, что сделал Президент на посту первого лица страны, – это создание Национального совета по общественному доверию, куда были приглашены известные деятели, активные граждане нашей страны. Президент придал этой площадке статусность тем, что сам принимал участие в его заседании.

Многие вопросы, озвученные были приняты государством во внимание и воплощены в жизнь.

«Мы обязаны усиливать созидательную основу политического процесса, чтобы плюрализм стал важным элементом повышения экономического благосостояния и человеческого капитала. Поэтому очень важно найти наиболее разумный путь, так называемую золотую середину, которая обеспечит поступательное развитие нашего государства. Это, в конце концов, требование всего народа», – сказал Президент.

В 2020 году обсуждения находят отражение в новом Законе «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан». Вводится уведомительный принцип организации и проведения соответствующих мероприятий, сменивший действующий прежде разрешительный принцип. Также определены формы мирных собраний (собрание, митинг, демонстрация, шествие, пикетирование), права и обязанности их организаторов, участников и представителей СМИ.

С момента его реализации в стране прошли согласованные митинги.

В стране вводится выборность акимов городов районного значения, сел, поселков и сельских округов непосредственно гражданами из числа жителей данных административно-территориальных единиц.

В интересах развития местного самоуправления в Казахстане меняется законодательная база, расширены полномочия местных властей путем передачи в сельский и районный бюджеты некоторых видов налогов и платежей. В частности, это единый земельный налог, поступления от продажи земельных участков и государственного имущества, закрепленного за финансируемыми из местных бюджетов госучреждениями, плата за пользование земельными участками и т.д.

Что касается также заявленных Главой государства мер в области прав человека, они ориентированы как на всех казахстанцев, так и отдельные слои населения. Было ужесточено наказание за ряд преступлений и нарушений. В частности, усилена ответственность физических и юридических лиц за совершение определенных правонарушений, включая сексуальное насилие, педофилию, бытовое насилие против женщин, торговлю людьми, браконьерство и т.д.

«Слышащее государство», этот термин был введен в 2019 году. «Наша общая задача – воплотить в жизнь концепцию «Слышащего государства», которое оперативно и эффективно реагирует на все конструктивные запросы граждан. Только путем постоянного диалога власти и общества можно построить гармоничное государство, встроенное в контекст современной геополитики. Поэтому необходимо поддерживать и укреплять гражданское общество, вовлекать его в обсуждение наиболее актуальных общегосударственных задач с целью их решения», – сказал Президент.

**Ким Нина ЕВГЕНЬЕВНА,**
**Руководитель**
**ОО «Ескельдинское районное общество инвалидов»**

# МАЛ ҰРЛЫҒЫНА ҚАЛААЙ ТОСҚАУЫЛ ҚОЙАМЫЗ



***Бүгінгі таңда өзекті тақырыпқа айналып отырған мәселе – мал ұрлығы. Аудан бойынша мал ұрлығына қарсы күрес жұмыстары, малды сату және тасымалдаудағы заңдылықтың сақталуы, ұрлық малды заңсыз жерде сою, заңсыз ет өнімін сатуға қатысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Алайда әлі де болса, өзінің жеке малдарына жүрдім-бардым қарайтындығы, тұрғындар тарапынан кейбір жағдайларда мал ұрлығының алдын алуға бөгет болуда.***

Әсіресе, жылқы малының жылдың төрт мезгілінде далада қараусыз қалдырылуы, уақтылы түгенделмеуі – мал ұрлығына басты себеп. Ауыл шаруашылығы малдарын бағымсыз, бақташысыз дала жайылымына жібермеу қажет, себебі, малдың 90%-ы далада бағымсыз жүрген кезінде ұрланады. Сондықтан ауылдық округтерде тұрғындарға өз малдарын қараусыз қалдырмау, малды кезекпен бағуды ұйымдастыру жөнінде кеңінен түсінік жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы орайда ҚР «Ветеринария туралы» заңының 10-бабына сәйкес елді мекендерде мал жаятын жайылымды айқындауға қатысты ауылдық округтерде ауыл шаруашылығы малдарына арналған жайылымдық жерлерді анықтау жұмыстары аудандық жер қатынасы бөлімімен бірлесіп, нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Мал ұрлығының алдын алу мақсатында ауылдық округтердегі мал дәрігері мамандарына жұмыс уақыты біткеннен кейін және демалыс күндері ветеринариялық анықтама бермеу жөнінде тапсырмалар берілді. Мал ұрлығына қатысты ҚР ІІМ «Мүлікті қорғау» 2021-2023 жылдарға арналған бағдарлама жоспарына сай мал ұрлығының алдын алу және ашу мақсатында АПБ-нің қызметкерлері арасынан мобильдік топтар құрылған. Олар ауданымыздың құм жиектеріне және ауылдық округ көлемінде орналасқан шаруа қожалықтарға шолу жұмыстарын жүргізіп, алын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, шаруа қожалықтар иелерімен және бақташылармен төрт түлік малды қараусыз қалдырмау, кешкісін қоралау, ен таңбалап чиптеу, мал базарға немесе бір орыннан екінші орынға тасымалдау кезінде рұқсат анықтамаларымен тасымалдау бойынша кең ауқымда жұмыстар жүргізілуде. Жалпы ауылдық округ бойынша заңды және жеке тұлғалар арасында ауыл шаруашылығы жануарларын заңсыз жерде сою, заңсыз ет өнімін сату фактілері тіркелген жоқ. Мал ұрлығымен күресу барысында жалғыз құқық қорғау органдардың жұмысы жеткіліксіз. Төрт түліктің негізінде жайылымдарда жоғалып кететінін ескерсек, ауыл тұрғындарының малға күзетті күшейткені абзал. Тұрғындар өз малының қауіпсіздігіне немқұрайлы қарауын тоқтатпайынша, құқық қоғау органдарының мал ұрлаушылармен күресі оң нәтижесін беруі екіталай.

**А.Т.ЖУНУСОВА**
**«Жалғызағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы**

# БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРУҒА БОЛАДЫ



***Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын қалай арттыруға болады? Оқушылардың білімге қызығушылығын оятуға не әсер етеді? Осы сұрақтарға тек педагогтар ғана емес, сонымен қатар кітапханашылар да ойлануда. Балалармен тәрбие жұмысын жүргізуде кітапхананың ерекше маңызды болатын себебі: бала кезде оқыған кітап көңілге ұялап қалады, бүкіл өмір бойына өзінің ізін қалдырады.Біз сіздерге кітап оқуға бейімдеудің мынандай әдіс,қағидаларын ұсына аламыз:***

1.Кассиль тәсілі – баланы кітапқа қызықтырудың танымал әдісі. Бұл оқи алатын, бірақ кітап оқуға құлқы жоқ балаларға арналған. Кассиль тәсілі бойынша, ата-ана кітапты баламен бірге оқып бастап, қызық жеріне келгенде үй шаруасын сылтауратып баланы жалғыз қалдырып кетуі керек. Кітаптың қызығын көрген бала оны соңына дейін оқып бітіретіні анық. Мұндайда ата-ана баланың өз бетімен оқып бітіргенін мақтап, ынталандырып отырғаны жөн.

2.Искра Даунис тәсілі. Психолог Искра Даунистің бұл тәсілін басқаша «сүйікті кейіпкер хаты» деп те атайды. Бала таңертең оянғанда бөлмесіне оның сүйікті мультфильм кейіпкері (мысалы Карлсон) хат қалдырғанын көреді. Хатта Карлсон балаға сыйлығы бар екені және оны қай жерге жасырып қойғаны жазылған. Бала расымен сыйлықты тауып алады және келесі күні де хат тауып алады. Бірақ бұл жолғысы сәл ұзақтау. Карлсон өзінің қызық оқиғаларын, бала өміріндегі маңызды нәрселерді жазады. Күн сайын хат ұзарып, күрделене түседі. Осылайша хатты оқу арқылы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады.

3. Белгілі бір кітапты оқуға тыйым салу. Балаға үйде жатқан белгілі бір кітапты оқуға тыйым салу да бір тәсіл. Оның сәл манипуляциялық негізі бар, себебі «оны оқуға сенің жасың әлі жеткен жоқ» деп алдауға тура келеді. Бірақ бұл – жақсы ниетпен айтылған өтірік және тыйым салынған заттың құны артатыны белгілі. Бұл тәсілдердің біреуі сай келмесе, бірі жарап қалуы мүмкін. Бірақ бұдан бөлек мына қағидаларды сақтау қажет:

Көбірек мақтап, азырақ түзеп отырыңыз. Баланың әр қатесін айтып, ұрыса берген дұрыс емес. Ол өз мүмкіндігіне қарай оқуға тырысады. Одан да оның әр дұрыс оқығажазғанын айтып, қолдап отырыңыз. Баланы біреумен емес, тек өзімен салыстырыңыз. «ананың баласы, мынаның баласы бүкіл жаттап алған» деген сөз

ынталандырмайтыны анық, керісінше қапаланып, ыза болуы мүмкін. Баланы тек өзімен

салыстыру керек: «Кеше бір бет оқып едің, ал бүгін екі бет оқып тастадың. Жарайсың!»дегендей.

Балаға үлгі болыңыз. Баланы кітап оқуға қызықтыру үшін құр ақыл айту жеткіліксіз. Оған кітап оқы деп, өзіңіз смартфоннан видео көріп отырсаңыз, бала сізге сенбейді.Балалар атаанасын тыңдағаннан гөрі, оларға еліктегенді ұнатады.

Сондықтан ата-ана өзі де кітап оқып, үлгі болуға тиіс.

Рөлге бөлініп оқыңыздар. Балаға бір жолын, өзіңіз бір жолын оқып та қызықтыруға болады. Мұндайда бала үлкендерге көмектесіп жатқанын, өзінің маңызы бар екенін сезеді. Міне, осы ұсынылған кеңестер жеткіншектеріміздің кітап оқуға талпынысын арттыруға көмектеседі деген ойдамын. Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруға тиіс. Кітапқа деген құштарлықты ояту – бұл тек кітапханашының ғана жұмысы емес, сынып жетекшісінің және ересектердің де жауапкершілігі болуы тиіс. Жастардың рухани дүниесіне де көп көңіл бөліп, көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттырып, оқуға ынталандыруымыз керек, кітап оқуды насихаттау үшін жоғарғы деңгейде кітапханалық сабақтар, кездесулер, ауызша журналдар, сайыстар, ертеңгіліктер ұйымдастырып, оқырмандар сусындайтындай, ой - пікір туғызатындай етіп өткізу.

Кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру.

Сондықтан мәдени ошақтарды жандандыру, оның ішінде балаларға қызмет көрсететін мектеп кітапханаларының еңсесін көтеру, дәстүрімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақтың білімін, рухани байлығын арттыру, тиімді ақпаратпен қамтамасыз ету өз қолымызда.

**Райхан МАМЫРБАЕВНА,**
**Абай атындағы орта мектебінің кітапханашысы**

# ЕМХАНАЛАРҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



***Биыл тіркелу науқаны аясында Жетісу облысының 5 мыңнан астам тұрғыны емханаларын ауыстырды. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының басшысы Иван Самойленко мәлімдеді.***

Соңғы екі ай, қыркүйектің 15-і мен қарашаның 15-і аралығында, елімізде жылсайынғы емханаларға тіркелу науқаны өтті. Бұл мүмкіндікті қолданып 5 049 облыс тұрғыны емханаларын ауыстырған. Ағымдағы жылдың тіркеу науқанына барлығы облыс бойынша 18 емхана қатысқан.

«Қазіргі таңда облыс бойынша емханаға тіркелген азаматтардың саны 662 мыңнан астам адамды құрайды. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымына тіркелу тегін медициналық көмектік кепілдік көлемі және МӘМС пакеттері шеңберінде жоспарлы медициналық көмектің толық спектрін алу үшін қажетті шарт екенін еске саламыз»,-дейді Қор филиалының басшысы.

Айте кетейік, азаматтардың емхана ауыстыру құқығы дәстүрлі науқанмен шектелмейді. Заң бойынша емхананы тұрғылықты мекен жайын, жұмысын немесе оқу орнын ауыстырғанда, басқа жаққа қоныс аударғанда, тіркелу емханасы қайта құрылып немесе қызмет көрсетуді тоқтатқанда да ауыстыруға болады. Сонымен қатар, жылына 1 рет еркін таңдау бойынша тіркелу құқығы әр азаматта бар. Бұл «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрығымен бекітілген.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# КОРЬ. КАК ЗАЩИТИТЬСЯ



***Корь — очень летучая инфекция с воздушным механизмом передачи. Вирус выделяется не только при кашле и чиханье, но даже при обычном разговоре. При этом контакт с больным не обязателен для того, чтобы заразиться. Достаточно, чтобы в помещении, куда вы пришли, незадолго до вас побывал больной. Вирус легко разносится через вентиляцию. В этом сложность профилактики кори.***

Корь является одной из ведущих причин смерти среди детей раннего возраста во всем мире, несмотря на наличие безопасной и эффективной вакцины.

В наше время многие продолжают считать корь детской инфекцией, которая не представляет никакой угрозы взрослым. С другой стороны мы все знаем, что тот, кто не болел в детстве детскими инфекциями, может болеть ими взрослым, причем у взрослых болезнь протекает значительно тяжелее.

Корь – это вирусная инфекция, которая в первые дни маскируется под всем нам знакомое и привычное респираторно-вирусное (ОРВИ), что еще больше способствует распространению инфекции, ведь подъем температуры, покраснение глаз, насморк, кашель – вряд ли заставит подумать как близких больного, так и врача, о том, что это может быть корь. Такие больные идут (или ведут, несут своих детей) в поликлиники, ездят общественным транспортом, при этом активно распространяя вирус при разговоре, кашле, чихании и даже просто при дыхании.

Корь характеризуется поэтапным появлением сыпи, начиная с лица и опускаясь с туловища на ноги. Сыпь появляется только на 5 сутки заболевания, когда уже можно заподозрить корь, а вирус выделяется с первых минут болезни.

Само заболевание может протекать по разному: от легких, трудно диагностируемых случаев, до крайне тяжелых форм. Как все вирусные инфекции при кори бывает множество осложнений: коревая пневмония, поражения сосудов всего организма, поражение головного мозга.

Важно помнить, что единственная защита от кори – это прививки живой коревой вакциной. Проведенные уже в этом году исследования множества переболевших показали, что перенесенное в детстве заболевание, в подавляющем большинстве случаев не обеспечивает защиту более, чем на 10-12 лет, т.е. тот, кто переболел давно, да еще и не знает точно, была ли это корь (со слов родственников, без лабораторных исследований) не может считать себя в безопасности.

В соответствии с Национальным календарем профилактических прививок, первая вакцинация против кори проводится детям в возрасте 12 месяцев, ревакцинация (повторная прививка, для подкрепления иммунитета) – в 6 лет. Все лица, до 35 летнего возраста, имеющие только одну прививку, подлежат повторной иммунизации. Если Вас пригласили на проведение прививки, то знайте, что это в ваших интересах и интересах ваших детей. Отказ от прививок как детей, так и взрослых может очень дорого обойтись не только вам, но и самым дорогим для нас – нашим детям!

При необходимости лечь в больницу (любого уровня – местные, краевые учреждения) – необходимо позаботиться о наличии сведений о вакцинации против кори, иначе Вам откажут в госпитализации и будут абсолютно правы, это закреплено на законодательном уровне (кроме состояний, угрожающих жизни).

Победить корь и обезопасить себя и своих близких можно только при вакцинации всего населения! Защитите себя и своих близких!

**Гульмира АСЕТХАНОВНА,**
**ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ медсестра 2 ВОП**

# ЧТО ТАКОЕ ГРИПП И КАКОВА ЕГО ОПАСНОСТЬ

***Грипп — это инфекционное заболевание. Возбудителем его является вирус, который от инфицированных людей попадает в носоглотку окружающих.***

Любой может заболеть им, но степень заражения среди детей наиболее высока. Большинство людей болеют гриппом всего лишь несколько дней. Некоторые люди заболевают серьезнее. Грипп может перерасти в пневмонию, что опасно для людей, страдающих заболеванием сердца или легких. Грипп, как правило, вызывает высокую температуру и судороги у детей. Список возможных осложнений против гриппа обширный — пневмония, ринит, синусит, бронхит, отит, миокардит и перикардит, миозит, поражения почек, оболочек головного и спинного мозга, сосудов. Также при гриппе обостряются имеющиеся хронические заболевания. Возбудители гриппа- вирусы типов A и B отличаются агрессивностью и исключительно высокой скоростью размножения. За считанные часы после заражения вирус гриппа приводит к глубоким поражениям слизистой оболочки дыхательных путей, открывая возможности для проникновения в нее бактерий. Это объясняет большее число бактериальных осложнений, возникающих при гриппе. Также важной особенностью вирусов гриппа является их способность видоизменяться: практически ежегодно появляются все новые варианты вирусов.

Симптомы гриппа: жар, температура 37,5 — 39°С, головная боль, боль в мышцах, суставах, озноб, усталость, кашель, насморк или заложенный нос, боль (першение) в горле.

Что делать при заболевании гриппом?Следует остаться дома, чтобы не только не заразить окружающих, но и вовремя заняться лечением, для чего необходимо немедленно обратиться к врачу. Самолечение при гриппе недопустимо. Именно врач должен поставить диагноз и назначить необходимое лечение, соответствующее Вашему состоянию и возрасту. Необходимо строго выполнять все рекомендации лечащего врача: своевременно принимать лекарства и соблюдать постельный режим во время болезни, так как при заболевании увеличивается нагрузка на сердечно-сосудистую, иммунную и другие системы организма. Рекомендуется обильное питье — горячий чай, клюквенный или брусничный морс, щелочные минеральные воды.

При температуре 38 — 39°С вызовите участкового врача на дом.Употребляйте жидкости чаще, чем обычно (чаи, морсы, компоты, соки).При кашле и чихании прикрывайте рот и нос платком или салфеткой.Для предупреждения распространения инфекции, больного следует изолировать от здоровых лиц (желательно выделить отдельную комнату). Помещение, где находится больной, необходимо регулярно проветривать, предметы обихода, а также полы протирать дезинфицирующими средствами. При уходе за больным гриппом следует использовать медицинскую маску (марлевую повязку).

Как защитить себя от гриппа?Своевременно, до начала эпидсезона, необходимо поставить прививку против гриппа. Ежегодная вакцинация — это наиболее эффективная мера профилактики против гриппа. Она осуществляется эффективными противогриппозными вакцинами, содержащими актуальные штаммы вирусов гриппа, рекомендованные Всемирной организацией здравоохранения на предстоящий эпидсезон. Вакцинация рекомендуется всем группам населения, но особенно показана контингентам из групп риска: детям начиная с 6-ти месяцев, людям преклонного возраста, страдающим хроническими заболеваниями, медицинским работникам, учителям, студентам, работникам сферы обслуживания, транспорта. Вакцинация проводится не позднее, чем за 2-3 недели до начала эпидемического подъема заболеваемости.

К мерам неспецифической профилактики гриппа относятся следующие:

Сократите время пребывания в местах массовых скоплений людей и общественном транспорте.

Избегайте тесных контактов с людьми, которые имеют признаки заболевания: чихают, кашляют.

Тщательно мойте руки с мылом, промывайте полость носа.

Регулярно проветривайте помещение, в котором находитесь, и делайте влажную уборку.

Пользуйтесь маской в местах скопления людей.

Употребляйте в пищу продукты, содержащие витамин С (клюква, брусника, лимон и др.), а также блюда с добавлением чеснока, лука.

В целях повышения устойчивости организма к респираторным вирусам, в том числе, к вирусам гриппа, используйте (по рекомендации врача) различные препараты и средства, повышающие иммунитет.

Ведите здоровый образ жизни (полноценный сон, сбалансированное питание, физическая активность).

ВАЖНО ПОМНИТЬ!

не рекомендуется переносить грипп «на ногах»;

своевременное обращение к врачу и раннее начало лечения (первые 48 часов заболевания) снизят риск развития осложнений гриппа

Забота о своем здоровье и здоровье своих близких, выполнение рекомендаций по профилактике заболевания гриппом и респираторными вирусными инфекциями позволит сохранить здоровье, улучшить качество жизни.

**Гульмира АСЕТХАНОВНА,**
**ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ медсестра 2 ВОП**

# ҚАЗАҚТА МҮШЕЛ ЖАС НЕГЕ ҚАТЕРЛІ САНАЛАДЫ

***Қазақ есепшілері адам баласының 100 жасын бір ғасыр ғұмыр деп есептейді. Осы 100 жастың 50 жасын «ұйқылы өмір» немесе «барзақ ғұмыр», қалған 50 жасын «ояу тірлік» немесе «саналы ғұмыр» деп есептейді. Ал ояу тірліктің 15 жасын ойнақтаған балалық, 75-тен асқанын жер таянған кәрілік, сонда ортасында «қамшының сабындай қысқа ғұмыр» деп есептейтіні содан. Қазақ есебінде адам өмірінің әр он үш жылында бір мүшел айналып келіп отырады. Мұнда бір нәрсені қаных білуіміз керек.***

Мүшелінің алғашқысы немесе бірінші мүшел 13 жылда қайырылса, қалған мүшелдер 12 жылдан қайрылып отырады. Мәселен, жүзден асып жығылған адамның мүшел жасы 9 рет айналып келеді. 13 жас - бір мүшел, 25 жас - екінші мүшел, 37 жас - үшінші мүшел, 49 жас - төртінші мүшел, 61 жас - бесінші мүшел, 73 жас - алтыншы мүшел, 85 жас - жетінші мүшел, 97 жас - сегізінші мүшел, 109 жас - тоғызыншы мүшел деп есептеледі. Бір мүшелде 12 жыл бар. Жыл қайыруда алғашқы туған жылы қайта оралғанда мүшелге толып отырады. Мүшел жас тақ жылдардан қайырылады, жұп жылдардан емес. Міне, қазақ осы есепті «мүшел қайыру» деп атайды. Қазақ әдеби тілінде жүзден асып, яғни тоғызыншы мүшелді толық жасаған атаны «арда ата», «ақ ата», «ару ата», «киелі ата» деп атайды. Осындай жасқа толған ананы «кейуана», «ақ апа», «әулие апа» деп атайды. Қазақтың ғұмыр туралы мына өлең жолдарынан өмірдің қалай өткенін көруге болады: Бір жаста жанып тұрған шырақтайсың, Дүниеге жаңа келіп тұрақтайсың. Қаз тұрып, тәй-тәй басып, былдыр сөйлеп, Құшағында ата-ананың бұлғақтайсың. Он жаста жарға ойнаған лақтайсың, Тай мініп, тайынша мініп жайтақтайсың. Он бес пен жиырманың арасында, Көрінсе қыз-келіншек ыржақтайсың. Жиырма бесте көкжал қасқырдайсың, Алдыңа не келсе де тайынбайсың. Жалындап жүрек отың махаббаттан, Ел аралап, ары-бері талтақтайсың. Отызда орда бұзып арындайсың, Қырықта қырқа асып жалындайсың. Елуде ерттеп мінген аттай болып, Кәріліктен еш белгі жоқ, шалынбайсың. Алпыс жаста сары белдің асуындай, Асылдың суы қайтқан жасуындай. Сабырың бекемделіп күн-күн сайын, Дарияның жылып аққан тасуындай. Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың, Жастармен сауық-сайран құра алмайсың. Сексенде қара шашың құдай болып, Ауылдан алыс шығып жүре алмайсың. Тоқсаныңда тобықтай шал боларсың, Күніңе сексендегі зар боларсың. Қырандай жас кездегі қайран көзің, Көре алмай еш нәрсені қар боларсың. Кәрілікке ары-бері бұлғақтайсың, Ақ үрпек балапандай ырғақтайсың. Келгенде сонау жүзге кім бар, кім жоқ, Ғазиз жан, қайда барып тұрақтайсың?! («Қазақ қара өлеңдері» жыр жинағынан) Қазақ мүшел жасты «қатерлі жас», «қауіпті кезең» деп есептеген. Адамның өмірі әр он екі жылдан бір қайырылғанда қамыстың буын-бунағына ұқсайды деп қараған. Жел ұрған қамыс буынынан сынады. Өмірдің де буыны мүшел жас деп қараған. Сондықтан мүшел жасында алыс сапарға жалғыз шықпаған, той жасамаған, өлімді жерлерге көп бармаған, мал бауыздамаған, адамдармен шармаяқтасып ұрыспаған. Той-томалақта көзге түсіп, көрнекті жерде отырмаған. Туылу, жұлдыздық нышанына қарай қызыл не жасыл, не жыл сыңайына байланысты жарасымды киім киіп жүрген. Өзінің ең сүйікті, жақсы көретін бір затын өзіне адал құрбысына, не достарының біріне сыйға ұсынған. Бір жылдың он екі айының ішіндегі аспандағы ай тллған сайын Айға қарап «Айдан аман, жылдан есен, өмірден бүтін болып келемін» деп ай сайын садақа беріп отырған. Қазақта он екі буын санның да өзіндік ырым-жоралғысы бар. «Он екіде бір гүлі ашылмаған», «он екінші мәселе», «бір жыл - он екі ай», «он екінің бірі», «он екі жұлдыз», «он екі ай», «он екі жыл», «он екі мүшел», «ұл бала он екі жаста балиғатқа толды», «он екіде бір нұсқа жоқ», «он екі мүше», «он екі ата» - осының бәрі тектен текке айтылмаған. Он екі сағат, он екі қабырға - барлығын мүшел жасқа байланысты қаузап, талдап, тәжірибеден өткізіп отырған. Он үш жас - бір мүшел Қазақ есебінде он үш жасқа толған бала бір мүшелге толған кезінде жыл жылжып нысанына, ай айналып аялдамасына, күн айналып бастапқы нүктесіне тоқтайды. Осы кезде баланың да мүшесі бір буын болып өсіп толады деп қарайды. Қазақ бір мүшелге толған баланы «қозы жасқа толды», «қозыбағар болды» деп мойнына бақташылық міндет артады, мал қайыруға, мал бағуға қабілетті деп есептейді. Он үш жас немесе он бес жаста «отау иесі» деп қарайтыны сондықтан. Ал бір мүшелге толған қыз баланы «ошақ ұстар», «ожау қағар», «қазан қайнатар» жасқа толды деп есептейді. Он үш жасқа толған ұл баланың уыз кеудесінде алғашқы оты оянады. Айналасына қызыға қарап, ақ-қараны айыра бастайды. Мінезі асау, тарпаң, тамақсау болады. Тез алданады, тез жанданады, қаңқызбалау келеді. Ду дегенге дыз етіп жүгіріп кетеді. Ойынға құмар келеді. Қыз бала бір мүшелінде қызылға құмартады, айналасына ғашық көзбен қарай бастайды. Денесі сүйкімді, сұлу сымбатты бейнеге ене бастайды. Қырда өскен қызғалдақтай құлпыра түседі. Сезімі бәйшешектей бүр жарады. Бітімі түрленіп, пішіні гүлденеді. Бірақ аңқау, бейкүнә, пәк жүрекпен өмір сүреді. Бұл бір буын мүшелі аса қауіпті саналмайды. Денсаулығы, дене бітімі өсетін өтпелі кезең болғандықтан, оларға ата-аналары мұқият қарап, қамқоршы бола білгені жөн. Өйткені олардың бойы да, ойы да толық пісіп жетілмеген кез. Тілге ергіш, ойнап жүргіщ, еркетотай кезі. Мұны қазақ «сүт таңдай өмір» деп есептейді. Десе де, тәжірибеге сүйенгенде, он үш жастағы өрендердің ішінде ұл болсын, қыз болсын білімі кемелді, ақылы асқан, дана балалар да болады. Қазақтың «ақыл жастан, асыл тастан», «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деп балаларды бағалап жататыны да тектен тек емес. Дегенмен, бір буын мүшел ішіндегі балалар қауіп-қатерге тез ұшырайды. Олардың бойы мен ойы өлшеуге келмейді, ішкі қуаты, ақыл-ойы кемелдене қоймаған кез болғандықтан «бала, баланың ісі шала», «басының дымы кетпеген», «шикі өкпе» деп үнемі ескертіп отыратыны да содан. Біз мынаны білуіміз керек: он үш жасқа толған балаларға ата-ана болған адам көзден таса қылмай, үнемі ақыл айтумен, тәрбие берумен, өнегемен үлгі көрсетумен, жарасымды іс-әрекетімізбен қамқор бола білгеніміз жөн. Себебі, бұл жастағы өрендер сынаптай сырғып, тұрақты көзқарас қалыптастыра алмайды, тәндік жақтан үздіксіз өскендіктен рухани жақтан әлсіз болса, «балалық желік» ауруына душар болуы әбден ықтимал. Бір мүшелге толған баланың бір киімін басқа бір досына сыйға беруді ұмытпаған абзал. Баланы жалғыз-жарым алыс сапарға, бөтен ауылға қыдыруға рұқсат бермеу керек. Өйткені буын желігі он екі айға созылатыны естен шықпағаны абзал. Жиырма бес - екінші мүшел Қазақ есебінде жиырма бес жас екінші мүшел саналады. Мұны «екінші мүшел», «екі буынды өмір» деп атайды. Бұл жасқа толған азаматтың ақыл-ойы да, сана-сезімі де біршама дамыған шағы. Азаматтар самырсын сапты балтадай, қынынан алған қылыштай жарқ-жұрқ етіп тұрған кез. Алысқанды алқымынан алатын, қыңырды түзететін, күндіз үйде болмай түнде жорытатын көкбөрі кезі. Ал қыз балалардың толған айдай толықсып, ақ сазандай бұлықсып, арулықтың кемеріне келген кезі. Алмадай пісіп, томпиып толған кезі. Қазақ бұл жастағы ұл балаларды - «бозбала», «буыршын жігіт», «өр кез» деп атайды. Қыз баланы - «бүлдіршін», «бұла кез», «бойжеткен», «ару», «бикеш», «талшын қыз», «қырмызы», «гүл өмір» деп атайды. Қазақ жиырма беске келген қыз бен ұлды бөрі мен қой деп қарайды. Сондықтан қыз бен ұлды бір үйге түнетпейді. Атам қазақта «Бүлдіршін қыздың бүлігінен сақта, бюуыршын жігіттің бұзығынан сақта» деп белгісіз себеппен некесіз жағдаймен қыз бен жігіттің ортасынан от алып кетуінен сақтанған. «Қыздың қырық жаны бар, оттан ыстық қаны бар, жақсы болса бойында айдай жарқыраған ары бар» деп, қызға ден қоя қарап отырған. «Судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді, жесір дауы ел дауынан қиын, қыздың жолы - жіңішке» деп, екінші мүшелге толған қызды көзінің қарашығындай қорғай білген. Қазақтың байырғы салтында қызды жиырма беске толмай күйеуге беріп, ұзатып отырған. Жиырма беске толған қызды «марқа қыз» немесе «отырған қыз» деп қараған. Ал жиырма беске толған жігіт «буыршын жігіт», «бұқа жігіт», «арда азамат», «жігіт ағасы», «сұлтан жігіт» деп, елдің, халықтың жүгін мойнымен көтеретіндігіне көздерін жеткізе отырып, осылай атаған. Отыз жеті жас - үшінші мүшел Қазақ есепшілері отыз жеті жасты үшінші буын өмірге жатқызады. Бұл кездегі азаматты «от жігіт», «шоқ жігіт», «орда жігіт», «орда бұзар жас», «оқтаулы жігіт», «арыстан азамат» деп атаған. Отыз жеті жастағы азаматтың арыстандай болған кезі, ақылы таудай болып толған кезі, айласы арнасынан асқан, десі бәрін басқан кезі. Дене қуаты толық жетіліп, ақыл-ойы кемеліне келіп, ақ пен қараны айырған кезі. Төрт құбыласын түгел көретін, бес қаруы сай, ақылға бай кезі. Бұл кезде ақылы толмаса, ондай азаматты «ынжық», «түбіт», «шикі», «бота бірсек, босбелбеу» деп мін тағып, сын артады. Отыз жеті жастағы келіншектерді қазақ «келіншек», «жас келіншек», «көктем келіншек», «уыз ана», «бал ана», «балғын қатын», «жас ана», «сырмал ана», «ақ қарын келіншек» деп атаған. Бұл кез келіншектердің белінен бесік исі бұрқырап, бауырында баласы шұрқырап, шұрайлана толған кезі. Бойы қуатты, омырауы суатты, қолы шебер, қойны жұпар аңқып ерлерді еліктірген кезі. Қырық тоғыз жас - төртінші мүшел Қазақ есебінде адам баласының қырық тоғыз жасы - «төртінші мүшел», «төрт буынды өмір» деп есептелінеді. 49-ға келген адам ер болсын, әйел болсын, алмастан соққан қылыштай жарқылдаған кезі. Шапқан жерін кеседі, тиген жерін теседі. Бойы қуатты, ойы суатты болады. Бұл жастағы жігітті қазақ «ақберен жігіт», «қылыш жігіт», «октаулы жігіт», «қыршын жігіт», «төре жігіт», «қырық жас - қыршын бас» деп те атайды. Ал бұл жастағы әйел адамды «от ана», «көктем ана», «сары қарын ана», «Қыдыр ана» деп есептейді. Қырық тоғыз жастағы ер болсын, әйел болсын, «жерорта өмірі», «орта буын өмірі», «жас ортасы» деп қарағандықтан, бұндай адамдар толғанып сөйлейді, ойланып істейді, он ойлап, бір пішеді. Төрт төңірегін күзетеді, сара жолын түзетеді. Артық жол баспайды. Осыған қарап, қазақ бұл жасты кейде «таразы өмір», «безбен тіршілік» деп те жатады. Біз соны білуіміз керек. Ұзақ тарих, өмір тіршілігі аясынан қорытқан тәжірибесінде 49 жас, яғни төртінші мүшелі адам өмірінің аса қатерлі шағы деп есептелінеді. Неге екені белгісіз, көп пенделер осы 49 жасында ауырмай, сырқамай, тұтқиылдан дүниеден өткенін көп жұрт жақсы білген. Сондықтан төртінші мүшел өмірде көп садақа беру, сақсынып жүру, қатерлі жерлерге бармау, жылдар бойы алыс сапарға шықпау, адамдармен ренжіспеу, отбасының берекесін сақтауға көптен-көп мән беретін болған. Қырық тоғыз жастағы ер болсын, әйел болсын, өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты, төркін жұрты, ел-жұрты, дос-жарандарымен береке-бірлікте өтсе, қауіп-қатерсіз болады. Бағы өрлеп, бақыты жанады. Дәулеті көтеріліп, абыройы өседі деп қараған. Алпыс бір жас - бесінші мүшел Қазақ есебінде адам баласының алпыс бір жасы - «бесінші мүшел», «бесінші бунақ өмір» деп аталады. Алпыс бір жасқа келген ер болсын, әйел болсын, ақылы толған, мінезі орныққан, жеңілтек сезімнен, көбелек көңіл-күйден әбден тазарған, ары жарқылдап айдай толған кезі деп қаралады. Қазақ бұл жастағы ер адамды «ата жасы», «ақыл жасы», жұрт ағасы», «дана жас», «атан жас», «ақберен жас», «ақ сүңгі жас» деп қараған. Сондықтан қазақта «Алпыстан асқаннан ақыл сұра, отыздағы жігіттен олжа сұра» деген тәмсіл бар. Тағы да қазақтың «Жігіттің алпысқа келгені - атан жігіт болып толғаны», «Алпыс - тал түс», «Алпыстағы адамнан бата алған жанның бақыты жанады, тоқсан тарау жолы жақсылыққа ашылады» деп, алпыс жастың қадір-қасиетін, өмірдің қымбатын дұрыс бағалай білген. Ал алпыс бір жасқа толған әйел адамдарды «ақ жаулықты ана», «ақ самайлы шеше», «ару ана», «ақ қарын ана», «төр бәйбіше», «от анасы», «орда ақылы», «ауыл анасы», «ел анасы», «ақыл данвсы» деп бағалаған. Алпыстан асқан ананың ақ батасын Алла Тағала пердесіз қабыл қылады деп сенген. Анасы бар үйде қараңғылық болмайды деп білген. Үй құты анада, бағы шаңырақта, қорғауда ер адамда тұрады деп ырым еткен. Үлкен абыроймен сыйлап, құрметтеген. Жастар бетінен алмаған. Алдынан кесе-көлденең өтпеген. Қатты сөз айтып, қамықтырмаған. Себебі ана жолы - үлкен жол. «Ананың ақылы - халықтың нақылы» деп білген. Расында, алпыстан асқан адамның өмір тәжірибесі мол болады. Әр басқан қадамын есептеп басып, есті тәрбие айтады. Қателік өткізіп алудан, ұятты істерден көш аулақ күйде өтеді. Бұл кез адам баласының өмірінің ең жоғары сапалы дәрежеге өткен, ары айдай толған, иманы кемеліне келген, өте дұғалы ауызды кезі саналады. Қазақта «Әке қарғысы - оқ, шеше қарғысы - боқ» деген мақал бар. Осы мақалдың түп-төркінінде шешенің шындап қарғамайтындығы, жүрегінің күн шуағындай жылы, мейірімді екендігі көрініп тұр. Жетпіс үш жас - алтыншы мүшел Қазақ есебінде адам баласының жетпіс үш жасы - «алтыншы мүшел», «алтыншы бунақ өмір» деп аталады. Бұл кездегі ер адамдарды «жер орта жастан ауған жас, карттық жас, ұлық жас, жетілген жас, жетелі кезең, жеті қырқалы шақ, өтпелі өмір» десе, кейде нашарлау шалдарды «таяқты өмір», «жемір шал», «қақпас шал» деп, мінездеме беріп жатады. Ал енді бұл жастағы аналарды «асқар ана», «дана ана», «қарт ана», «сары қарын ана», «құт ана», «ақ шылауышты ана», «ақ самайлы апа» деп атайды. Жетпістен асқан ата болсын, ана болсын, ауылдың құт-берекесіне санайды. Төрдің сәні, өмірдің мәні деп қарайды. Ауыр жұмысқа шекпейді, бетіне қатты сөз айтпайды, бұл жастағы ата мен ананың кәрін төксе, кәрін төккен адам оңбайды. Бастағы бақыттың қайтуы осындай ата мен аналарды ренжітуден, өмірдің қысқаруы, жолдың болмауы, бақтың байлануы, сордың қайнауы ата мен ананы өкпелетуден бастау алатынын ұмытпаған абзал. Қайта олардың батасын алып, көңілін тауып, қош етсеңіз, алдыңыздағы бар бақыттың қақпасы ашық тұрады. Сексен бес жас - жетінші мүшел Қазақ сексен бес жасты - «жетінші мүшел», «жетінші буын өмір» деп атайды. Бұл жастағы аталарды «сеңгір жас», «алып жас», «қарт ата», «әулие ата», «пір ата», «ел атасы», «қор ата», «ақсақал», «ақ ата», «жан ата», «шуақ ата» деп те атайды. Ал жетінші буындағы аналарды «ақ шылауышты ана», «ұлы ана», «ақ самайлы ана», «қарт апа», «кейуана», «киелі ана», «мөлдір ана», «асыл әже» деп атайды. Бұл мүшелге жеткен ата болсын, ана болсын, үйдің құтына, өмірдің жарық шырағына, төрдің сәніне, өмірдің мәніне, ауылдың қазынасына айналған шағы. Әрбір бала, немере, шөбере, шөпшектерінің алдында тұрған ақ бастау өмір деп қаралады. Қазақ - «сексен бес жас - сеңгір асу, селкілдек өмір, сақал-мұрты ағарған желпілдек өмір» деп тектен-текке айтпаған. Сексен бестен асқан қартты ажал 85 жерден аңдиды. Арты құз, алды жар, жолы тар, бақиға таяу тұрған шағындағы, батар күн алдындағы тіршілік иесін еш ренжітпеген оң болады. Сексеннен асқан ата мен ананың батасын алу, бағып күту - бар ұрпақтың маңдайына тегіс жазыла бермейтін бақыт. Тоқсан жеті жас - сегізінші мүшел Қазақ есебінде тоқсан жеті жас - «сегізінші мүшел», «сегізінші бунақ өмір» деп есептелінеді. Бұл жасқа келген ата мен апаны қазақ «қақпыш буын», «ақтық буын», «қақсал буын», «қарт буын», «әулие баба», «кейуана», «киелі ана», «пір ана», «тау ата», «орман ана», «баталы ғұмыр», «бақты өмір», «шырақты тіршілік», «көмбелі кезең», «кезең асқан жас» деп атайды. Бұл мүшелге толған ақ ата мен ақ ананың бір кездегі таудай болған денесі тобықтай болып солады. Айдай толған ажарын терең әжім басады. Кезіндегі сері сезімі сірі ақылға айналады. Ақ таяққа таянады. Құлақтан азады, сөзден тозады. Төрінен көрі жақындайды. Көп нәрседен жиренеді, әлсіз күй кешеді. Осыған қарап оны кейде «қаңбақ шал», «қаңбақ апа» деп те жатады. Рас, жүз жастық - бір ғасырлық ғұмыр кешіп, ұл мен қыз, немере-шөбере, шөпшектерініңм алдында, ажал аузында ақырғы сәтте отырған, ақтық демінен бата алған ұрпақтың бақыты бір ғұмыр жанады. Қарт ата мен ананың құты шаңырағына дарып, шырағы өшпес болады.




**Tengrinews.kz**

# ҮШ ТІЛДІ БІЛУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Үштілді оқыту – заман талабы. Жас ұрпақ үшін үштілді жетік меңгеру болашаққа сеніммен қарау деген сөз. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді білу біздің басты міндетіміз.*

*Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі.*

*Орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Ағылшын тілі – әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға болып өсуіне үлкен септігін тигізеді.*

*Шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінде кезек күттірмейтін өзекті де келелі мәселелердің бірі. Үштіліліктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Өз тарапымыздан қолдан келер көмегімізді аямауымыз қажет. «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Менің ойымша, тілді меңгеру барысында тек қана мұғалім жұмыс атқару деген ойдан аулақ болуымыз керек. Отбасы да зор үлесін қосу қажет. Екі тарап біріге жұмыс жасаса, нәтиже де болатыны анық. Әрине, мектепте алған біліміміз баланың бойында ерекше бір әсер қалдыратыны анық. Мұғалімнің сабақтағы қолданатын әдіс-тәсілдері ерекше бір әсер қалдырады. Мысалы, бізге сабақ барысында мұғалім оқушылардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын жиі қолданады, мүмкіндігінше сабақты үш тілде жүргізеді, нәтиже беріп жүрген іскерлік ойындары: «Кім тапқыр?», «Үздік тілші», «Тілдер сөйлейді» сынды тағы басқа ойындарды тиімді қолданып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын үнемі арттырып отырады. Сонымен қатар ақпараттық технологияны: электрондық оқулықтар, презентациялар, тест т.б. түрлері қолданылады, бұл оқушылардың қызығушылығын оятып, уақыттарын үнемдеуге, қосымша деректерді тиімді қолдануға түрткі болып, оқушылардың тілге деген қызығушылығы одан аса арта түседі. Оқушыларды ойната отырып, үш тілде жүргізілген сөзжұмбақтар логикалық ойлау қабілеттерін де ұштай түседі, еркін аударма жұмыстарын жасауға дағдыланды. Мәселен, «Мақал-мәтелдердің үндестігі», салыстыру жұмысы оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ұсынылып, тақырып бойынша табу арқылы үш тілде аудармасын ұсынады үндестігін табу арқылы жан-жақты ойлауға, оқушы өзіннің пікірін айтуға дағдыландырады.*




*Қазір жаһандық ақпараттың дамыған кезеңі. Заманға сай еліміздегі барлық салада жаңашылдықтар енгізілуде. Мәселен, білім беру мекемелері сандық жүйеге көшіріліп, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытуды қолға алуда. Пәннің осы жағдайда өз қиындығы да, қызығушылығы да қатар жүреді. Оқушылар ағылшын терминдерін қолдану арқылы өздерінің тілдік қорларын кеңейтеді, ойлау қабілеттерін дамытады. Менің ойымша, тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де, озық ойлы азаматтар болып тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына ену үшін басты мақсатымыз – сауатты азамат болу. Ал сауатты азамат дегеніміз өз тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген адам. Көп тілді білген адам өзін еркі сезінеді деп ойлаймын. Әрбір адам ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз — қазақ тілі. Қазақ тілі — ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Сонымен қатар заманның талабына сай үштілді меңгеру — бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылудың негізгі жолы деп есептеймін. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», — деп ақын жырлағандай, өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілімізді құрметтейтін болсақ, өзге тілді қадірлейтін болсақ елімізге елеуі, халқымызға қалаулы азаматы болатынымызға сенімдімін.*

*Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемде кең тараған тіл ағылшын, орыс тілдері. Оларды білу көптік етпейтін ақиқат. Себебі көптілді меңгерген бүлдіршіндердің алар белестері биік. Сондықтан көптілді білім берудің басты мақсаты әр білім алушының жеке қабілеттерін көптілді дамытуды қамтамасыздандыратын жағдай жасау. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлға қалыптастыру.*

*Бүгінде елімізде ағылшын тілді мамандарды даярлау ісіне ерекше мән берілуде. Осының бәрі күнделікті жады жағдай. Енді көптілділікті техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында халықаралық стандарт деңгейінде тиімді ұйымдастыру үлкен мәселе болып табылады.*

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы тілдердің үш тұғырлығы туралы ойды алғаш рет 2006 жылы Қазақстан халықтарының Ассамблеясында айтқан. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында ол «Тілдердің үштұғырлығы» – «Триединство языков» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды. Тілдердің үштұғырлығы идеясында оған нақты анықтамасын берген, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ал ағылшын тілі –жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Тұңғыш Президенттің 2011 жылғы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауында 2020 жылға дейінгі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты жоспарын айқындап берді.*

*Сондықтан да «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Өз іс-тәжірибемізде балалардың интеллектуалдық қабілетіне түрткі болатын ойын технологиясын қолдана отырып сабақты үш тілде жүргізудің тиімділігі зор. Қазіргі таңда бүлдіршіндерге компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен сабақ өткізу толығымен жолға қойылып отыр. Заман талабына сай білімді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс табуда.*

*Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептерде қазақ тілін оқыту барысында орыс тілі, ағылшын тілі пәндерін бірлікте алу мұғалімнің шеберлігіне байланысты жүргізіліп жүр. Бұл жерде өтіліп отырған бағдарламаға сай үш пәнді бірлікте ала отырып, пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Үштілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік болып табылады.*

*«Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керек»*

*Тіл адам баласының басты қазынасы болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасынынң, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші. Әр халықтың ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл – ұлттың тірегі. Ол жан-дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айнаң. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстандықты біріктіретін – қазақ тілі сондықтан, егемен елімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге ерекше ықылас қажет.*

*Үштұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді.*

*Бұл орайда орталықта тіл үйренем деушілер қазақ тілімен қатар ағылшын тіліне де үйреніп жатыр. Бұл бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың ең алғашқы сатысы болып саналады. Өйткені қазіргі уақытта бірнеше тілді меңгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық. Ағылшын тілін білген адам, болмаса кадрдың еңбек нарығындағы бағасы өседі. Бүгінде елімізде жұмысқа қабылдағанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды. Ал, кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылып жатқаны өтірік емес. Бесаспап, яғни әмбебап маман болам десеңіз, өз ісіңіздің іскері болам десеңіз оған ағылшын тілінсіз айналып бару мүмкін емес. Мемлекеттік тіл мемлекет өмірінің барлық саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін, орыс тілі ұлтаралық қатым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етуде.*

*К.Ушкинский: «Бала – балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де, мұғалімнің өз қолында», — деп айтқандай үштілді оқыту — жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік.*

*Біз еліміздің тірегі, мемлекетіміздің беріктігі өзіміздің қолымызда екенін айқын түсінеміз. Қорытындылай келгенде осы үштілділікті қолдау, қолдану мақсатында біз, мұғалімдер өз үлесімізді қосуға, бүлдіршіндерге аталған жаңа талаптарға сай білім беруге бір кісідей ат салысамыз. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ тілді дамыту керек, орыс тілін қолданамыз және ағылшын тілін үйренеміз.*

*Өз тілшіміз*



# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

***Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған. Осы заңның 4-ші бабында: «Қазақстан Республикасының мемекеттік тілі – қазақ тілі.***

Мемлекеттік тіл –мемелкеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемелекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, үкімет, мемлекеттік органдар мемелекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетугі міндетті» деп көрсетілген. Әр халықтың ана тілі оның жаны, ұлттық болмыс-бітімінің бейнесі, ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығының көзі, ішкі жан дүниесінің өзіне ғана тән құпиясы. «Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі, тіл –ұлттың төлқұжаты, мемлекеттік тұғыры» демекші, осы бағыттағы болашақтың берік іргетасы бүгін қалануы қажет. Қазақ тілі мемлекеттік өмірдің барлық үдерісін қамтитын жұмыс тілі болуға тиісті және мемлекеттік органдар мен ұйым, мекемелердің қолданыстағы басты тілі болуы керек. Мемлекеттік тіл мәселесі мемлекеттік деңгейдегі міндет ретінде ресми және заңнамалық жағынан толық мойындалуы керек. Мемлекеттік тілді дамыту мәселесі мемлекеттік жалпы міндет ретінде мемлекеттік органдарға талап коюы тиіс. Мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерде мемлекеттік тілге қолайлы орта мен мүмкіндік жасау керек. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

**Индира ИДРИСОВА**
**Ескелді аудандық сотының**
**сот әкімшісі басшысы**

# ТІЛ ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

***Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан- ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұрасы. Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата-бабамыздан қалған баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын. Қазақ тілі — мемлекеттік тілБүгінгі таңда отбасындағы ұрпақ тәрбиесі- қоғамның бар саласына қатысты мәселе. Өйткені бүгінгі шағын отбасы – ертеңгі үлкен мемлекет. Мемлекеттің тізгіні сенімді адамның қолында болу үшін ұрпаққа саналы білім қажет. Адам көп тіл білгеннен зиян көрмейді Керісінше оның талабы да, талғамы да артады. Бірақ ең басты тұғырда өз ана тілі тұруы керек. Адамның ой-өрісі өз тілінде дамып жетілгенде ғана құндылығы артады. Тіл - әр адамның болмысы. Егер тіл жойылса адам болмысыда жойылады. Сенің қазақ екеніңді айғақтайтын таптырмас дәлел, ол – ана тілің. іл отбасылық қарым-қатынас қана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы. Ұлттың болашағы – оның ана тілінде.***

Тіл-әрбір ұлттың мақтанышы, жан дүниесінің айнасы.Сот саласында да мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыра түсуге қазіргі таңда айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Іс қағаздарының бәрі тегіс мемлекеттік тілде жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолында еліміздің әрбір азаматы, әрбір мемлекеттік мекеме мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оның қолданыс аясын кеңейту жолында атсалысуға міндетті. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Мемлекеттік тіл - ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, оны білу әрбір Қазақстан азаматының парызы және міндеті болып табылады. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

**Ұлан МАМЫТБЕК**
**Ескелді аудандық**
**сотының судьясы**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС



***Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен еділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.***

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының – негізгі басымдықтарының бірі осы құқық бұзушылықпен күресу болып табылады. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық ҚР азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек. Ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар катаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Барлық органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Жемқорлыққа қарсы күрсе – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда қоғамның шынайы сеніміне ие болудың артық мәртебе жоқ. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның басты парызы.

**Санат САРКЫТОВ,**
**Ескелді аудандық сотының**
**аға сот жасауылы**

# ОБНОВЛЕНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ¬ ВЕЛЕНИЕ ВРЕМЕНИ

***Весь мир сегодня стремится получить высококачественное образование. Потому что, конкурентоспособность экономики любой страны зависит, прежде всего, от уровня развития ее человеческих ресурсов, что напрямую связано с системой образования. В современном Казахстане идет становление новой системы образования, ориентированной на мировое образовательное пространство. Этот процесс сопровождается существенными изменениями в педагогической теории и практике.***

Базовое содержание обновленного образования реализуется в рамках политики трехъязычного образования. Цель языковой политики в Казахстане — интеграция республики в мировое сообщество и как следствие подъем науки, экономики и социальнокультурной составляющей страны. Качественные изменения в любой области нашей жизни, а тем более в образовании невозможны без формирования нового взгляда учителя на свое место и роль в учебном процессе. Сегодня педагогу приходится покорять новые вершины знаний. Одной из таких «вершин знаний» для меня стало обновление содержания образования. Перед нами — учителями стоит важнейшая задача воспитать и обучить таких учеников, которые могли бы адаптироваться и реализовать себя в современном мире. Достижение этой задачи невозможно, если учитель сам не готов к условиям быстро изменяющегося мира. Для осуществления такого перехода надо начать изменения с самой себя, т. е. с учителя. Учитель в моем понимании — это творец. Всем известно, как сложна профессия ювелира. Сложность его работы заключается в нанесении на алмаз граней. А ведь учитель — это тот же ювелир, в отличие от которого, у педагога в руках бесценное сокровище — ребенок. Объединяет эти профессии результат работы: у ювелира — многогранный алмаз, а у учителя — всесторонне развитая личность. Какие это будут грани, во многом зависит от компетентности учителя. Важно отметить, что в рамках обновления содержания образования учащийся добывает знания сам, учится мыслить, анализировать, делать выводы, что, на мой взгляд, и дает возможность сформироваться успешной личности. Всем ясно, что хорошо устраиваются в современном обществе думающие, предприимчивые, люди. Поэтому, учителю на современном уроке остается только контролировать, нацеливать и направлять в нужное русло работу учащихся, а все остальное ученик должен делать сам. Уроки в данной ситуации приобретают характер бесед, дискуссий, диалогов, когда налаживается контакт между учеником и учителем, приводящий к взаимопониманию и доверию, без чего невозможен сегодня образовательный процесс.

